

**КЕЛІСІЛДІ**

**Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрлігі  
«Балдаурен» РМҚК РОСО**  
бас директоры



**Ш.Оразалин**

қыркүйек 2025 ж.

**БЕКІТЕМІН**

**Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрлігі  
«Ұлттық ғылыми-практикалық  
дене тәрбиесі орталығы» РМҚК**  
бас директоры



**А. Ташметов**

2 қыркүйек 2025 ж.

**«ҮЗДІК ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПЕДАГОГІ – 2025»  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ**

**1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. Осы «Үздік дене шынықтыру педагогі – 2025» республикалық конкурсын өткізу туралы Ереже (бұдан әрі – Конкурс) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІ Заңына, «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI Заңына, «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 12, жаңа редакциядағы ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №69 бұйрықтарына, сондай-ақ 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 «Педагогтерді аттестаттауды өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы», жаңа редакциядағы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 02 сәуірдегі №72 бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

1.2. Конкурсты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы (бұдан әрі – Орталық) «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығымен бірлесіп (бұдан әрі – «Балдәурен» РОСО) өткізеді.

1.3. Конкурсты ұйымдастыруға және өткізуге жалпы басшылықты ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) (1-қосымша) жүзеге асырады.

Ұйымдастыру комитетінің, қазылар алқасының және есеп комиссиясының құрамы Ұйымдастыру комитетінің төрағасы болып табылатын Орталық бас директорының бұйрығымен бекітіледі.

1.4. Қазылар алқасының құрамына Орталықтың, «Балдәурен» РОСО мамандары, ЖОО-ның ПОҚ, салалық министрліктердің, білім беру саласындағы үкіметтік емес және кәсіподақ ұйымдарының өкілдері,

педагогтердің біліктілігін арттыру орталықтарының қызметкерлері, педагог-зерттеушілер, педагог-шеберлер кіреді.

1.5. Конкурстың қазылар алқасы ұпай қоя отырып, әрбір қатысушының ұсынылған материалдарының сапасын бағалайды. Қазылар алқасының мүшелері Конкурс сынақтарының барлық түрлеріне қатысады.

1.6. Есеп комиссиясы ұпайларды есептейді және нәтижелерді қорытынды кестеге енгізеді.

## **2. МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

Конкурс «Дене шынықтыру» пәнін оқыту саласында педагогтің кәсіби шеберлігін дамытуға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда жаңа педагогикалық идеялар мен технологияларды қолдауға бағытталған.

2.1. Конкурстың негізгі мақсаты – дене шынықтыру педагогтерінің шығармашылық бастамасын қолдау, кәсіби өсуге жәрдемдесу, педагогтер еңбегінің беделін арттыру.

2.2. Конкурстың негізгі міндеттері:

- білім беру сапасын арттыру;
- педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру;
- оқу-тәрбие процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру;
- озық педагогикалық тәжірибені анықтау және тарату;
- заманауи инновациялық білім беру технологияларын енгізу және тарату;
- шығармашыл педагогтерді қолдау және педагог мамандығының беделін көтеру.

## **3. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР**

3.1. Барлық түрдегі жалпы білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтері-конкурстың облыстық кезеңінің жеңімпаздары конкурсқа қатысушылар болып табылады.

3.2. Конкурсқа қатысушылардың дене шынықтыру пәні педагогі ретіндегі еңбек өтілі 3 жылдан кем емес болуы керек.

3.3. Қатысушылардың жасы шектелмейді.

3.4. Соңғы 5 (бес)жылдағы Конкурс жеңімпаздары қатысуға жіберілмейді.

## **4. ӨТКІЗУ ОРНЫ МЕН УАҚЫТЫ**

4.1. Конкурс үш кезеңде өткізіледі:

**I кезең** – аудандық білім бөлімдері қыркүйек айында өткізеді.

*Өтетін орны: аудан орталықтары.*

**II кезең** – облыстардың және *республикалық* маңызы бар Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармалары **қазан айында** өткізеді.

*Өтетін орны: облыс орталықтары және республикалық маңызы бар Астана, Алматы, Шымкент қалалары.*

**III кезең** – республикалық (финалдық): **2025 жылғы 18-21 қарашада**. Келу 17 қараша (Конкурстың басталуы – 18.11.2025 жылғы, таңертең).

*Өтетін орны: Ақмола облысы, Щучинск қаласы, «Балдәурен» РСО.*

Финалдық турға облыстық кезеңнің жеңімпаздары әр облыстан және Астана, Алматы, Шымкент қалаларынан бір үміткерден өтеді.

Конкурстың финалдық кезеңіне қатысу үшін облыстардың және Астана, Алматы, Шымкент қалаларының облыстық білім басқармалары ресми хатпен Конкурстың Ұйымдастыру комитетіне мынадай материалдарды жібереді:

- Конкурстың облыстық кезеңінің Ұйымдастыру комитеті отырысының хаттамасынан Конкурстың финалына қатысуға кандидатуралар ұсыну туралы үзінді көшірме;

- Конкурстың финалдық кезеңіне қатысушылардың үлгі бойынша өтініші (2-қосымша);

- өтінім берушінің Конкурсқа қатысушылар туралы ұсынысы (3-қосымша);

- Конкурсқа қатысушының ақпараттық картасы (4-қосымша);

- құжаттарға міндетті қосымша: түрлі-түсті фотосурет (портрет 15\*21).

*Аталған құжаттар Конкурстың соңғы кезеңіне қатысу үшін білім басқармасы бастығының мөрімен және қолымен расталып 2025 жылғы 5 қарашаға дейін Орталыққа электронды нұсқада [nnpcfk2020@yandex.kz](mailto:nnpcfk2020@yandex.kz) электронды поштаға жолданады.*

*Финалдық кезеңге өткен қатысушылардың тізімдері 2025 жылғы 15 қарашада Орталықтың <https://new.nnpcfk.kz/ru/> сайтында жарияланады.*

## **5. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ**

**I тур – «Креативті педагог»**

Педагогтің кәсіби тәжірибесінің презентациясы (5-қосымша).

Конкурсқа қатысушының және оның педагог ретіндегі кәсіби қызметі туралы толық түсінік қалыптастыру.

Мақсаты: педагогикалық мамандықты таңдау мотивтерін ашу, білім берудің өзіндік педагогикалық принциптері мен тәсілдерін, қазіргі әлемдегі педагогтің миссиясы туралы түсінігін, кәсіби қызмет нәтижелерін көрсету.

Өтетін орны – концерт залы. Регламент уақыты **8 минутқа дейін**. Конкурсқа қатысушылар өздерін, мамандыққа деген көзқарастарын таныстыру, өз қызметімен, инновациялық идеяларымен, педагогикалық еңбек нәтижелерімен таныстыруды ұсынады. Ұсынуға еркін нысанда жол

беріледі. Бұл фотопрезентация, бейнепрезентация, аудиожазба, көркем сөзді қолдану және т.б. болуы мүмкін. Шығармашылық пен бастама көтермеленеді.

## **II тур – «Заманауи дене шынықтыру сабағы»**

Дене шынықтыру сабағын өткізу (6-қосымша). Конкурса қатысушылар бейтаныс сыныпта (5-9 сыныптарда) стандартты емес сабақ өткізеді, бұл сабақ-жарыс, сабақ-саяхат, интеграцияланған сабақ және т.б. түрінде болады.

Сабақтың бөлімі мен тақырыбын Конкурса қатысушы дербес айқындайды. Сабақтың ұзақтығы – **40 минут**. Сабақ өткізілгенге дейін педагог қазылар алқасына сабақтың қысқа мерзімді жоспарын ұсынады, сабақ соңында өзіндік талдау жүргізеді (өзіндік талдау ұзақтығы – қазылар алқасының сұрақтарына жауаптарды қоса алғанда, **5 минуттан аспайды**).

## **III тур – «Үздік спорттық-бұқаралық іс-шара»**

Спорттық-бұқаралық іс-шараның презентациясы – **10 минут** (7-қосымша). Презентация еркін түрде: фото, бейнепрезентациялар ауызша түсініктеме, әңгіме сүйемелдеуімен жасалады. Креативтілік, өзектілік, іске асыру мүмкіндігі көтермеленеді.

## **6. КОНКУРСТЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫН РЕСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

6.1. Конкурс құжаттары екі нұсқада ұсынылады: қағаз және электрондық түрде.

6.2. Қағаз түрінде нұсқасын қорғау кезінде қазылар алқасына құжаттарды ұсыну үшін барлық Конкурстың материалдары бар «Қатысушы портфолиосы» болу керек (кемінде 2 дана).

Портфолио құрамы:

1. Қатысушының фотосуреті;
2. Конкурстың финалына қатысуға үміткерлерді ұсыну туралы Конкурстың облыстық кезеңінің Ұйымдастыру комитеті отырысы хаттамасынан үзінді көшірме;
3. Үлгі бойынша Конкурстың қорытынды кезеңіне қатысушының өтінімі;
4. Өтініш берушінің Конкурса қатысушылар туралы ұсынысы;
5. Облыстық (қалалық) білім басқармасы бастығының мөрімен және қолымен расталған Конкурса қатысушының ақпараттық картасы;

6. Қысқа мерзімді ашық сабақ жоспары;
7. Спорттық-бұқаралық іс-шараны әзірлеме.

6.3. Конкурстың үздік материалдарының жинағын жасау үшін мынадай параметрлерінің талаптарына сәйкес барлық турлар құжаттарының электрондық нұсқасы болуы міндетті: 12 Times New Roman қарпі, А4 кітап, шеттері: жоғарғы 2 см, төменгі 2 см, сол жақ 3 см, оң жақ 1,5, сол жақ түптеу, жоларалық интервал 1,0-ге тең.

### **Апелляциялық комиссияның жұмыс тәртібі**

1. Конкурсты өткізу кезеңінде оның барлық кезеңдерінде даулы мәселелерді шешу үшін апелляциялық комиссия құрылады, ол апелляцияны қабылдауды қамтамасыз етеді.

2. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы білім беруді басқару органының және (немесе) ҰҒПДТО бұйрығымен бекітіледі.

Аудандық, қалалық (облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың) деңгейдегі апелляциялық комиссияның құрамына: аудандық, қалалық (облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың) білім бөлімдерінің, үкіметтік емес және кәсіподақ ұйымдарының өкілдері, әдіскерлер, «Педагог-шебер», «Педагог-зерттеуші» біліктілік санаттары бар жалпы орта білім беру ұйымдарының әдіскерлері мен дене шынықтыру педагогтері кіреді;

Облыстық және республикалық маңызы бар қалалар мен астананың апелляциялық комиссия құрамына: білім басқармаларының, үкіметтік емес және кәсіподақ ұйымдарының өкілдері, «Педагог-шебер», «Педагог-зерттеуші» біліктілік санаттары бар жалпы орта білім беру ұйымдарының әдіскерлері мен дене шынықтыру педагогтері кіреді;

Республикалық деңгейдегі апелляциялық комиссияның құрамына: Министрліктің, ҰҒПДТО, білім беру саласындағы үкіметтік емес және кәсіподақ ұйымдарының өкілдері, «Педагог-шебер», «Педагог-зерттеуші» біліктілік санаттары бар жалпы орта, білім беру ұйымдарының педагогтері кіреді.

Апелляциялық комиссия мүшелердің құрамы тақ саннан тұрады. Апелляциялық комиссияның мүшелері отырыстарға ауыстыру құқығынсыз қатысады. Апелляциялық комиссияның қызметінде мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда Апелляциялық комиссияның құрамы қайта қаралады.

3 «Үздік дене шынықтыру педагогі – 2025» конкурсын өткізу жөніндегі комиссия мүшелерін және Апелляциялық комиссия мүшелерін бекіту туралы бұйрықтың қолданылу мерзімі бір жылды құрайды.

4. Апелляциялық комиссия даулы істер туындаған кезде өтінішті қарайды. Конкурса қатысушы Конкурстың нәтижелері жарияланған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде апелляцияны ҰҒПДТО электрондық форматта апелляциялық өтініш береді.

5. Апелляциялық комиссияның шешімдері хаттамамен ресімделеді және 3 (үш) жұмыс күні ішінде негіздемелер көрсетіле отырып жауап беріледі, оған комиссия төрағасы, хатшысы және мүшелері қол қояды. Апелляциялық комиссия отырыстарының хаттамалары 3 (үш) жыл бойы сақталады.

## **7. ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ**

7.1. Финалдық кезеңнің әрбір туры бағалау ұпай арқылы жүргізіледі.

7.2. «Үздік дене шынықтыру педагогі – 2025» конкурсының жеңімпазы мен жүлдегерлері финалдық кезеңнің барлық турларының ұпайларының сомасы бойынша айқындалады. Екі немесе одан да көп Конкурсқа қатысушылардың алған ұпай сомасы тең болған жағдайда, ашық сабақты өткізуде педагогикалық шеберлік пен кәсібилікті ұсынған адамға артықшылық беріледі.

7.3. Конкурстың барлық қатысушылары дипломдармен марапатталады. Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлері дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады. «Креативті педагог», «Заманауи дене шынықтыру сабағы», «Үздік спорттық-бұқаралық іс-шара» номинацияларын алған Конкурсқа қатысушыларға дипломдар беріледі.

## **8. ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫНДАР**

Конкурсты ұйымдастыруға және жеңімпаздарды марапаттауға арналған шығындарды Орталық жүзеге асырады. Іссапар шығыстары «Балдәурен» РОСО преysкурантына сәйкес жіберуші Тараптың есебінен жүргізіледі.

**Ескерту:** Ұйымдастыру комитеті осы Ережені түзету құқығын өзіне қалдырады.

### Ұйымдастыру комитетінің функциялары

Ұйымдастыру комитеті келесі функцияларды жүзеге асырады:

- БАҚ-да Конкурс туралы ақпаратты жариялайды;
- өтінімдерді қабылдайды, сараптама жүргізеді және қатысушылардың тізімін бекітеді;
- Конкурс өткізу рәсімін және Конкурс тапсырмаларын бағалау өлшемшарттарын белгілейді;
- Конкурсқа ұсынылатын материалдарды ресімдеуге қойылатын талаптарды анықтайды: өтінімдер, өзін-өзі таныстыру, ашық сабақтың қысқа мерзімді жоспары, спорттық-бұқаралық іс-шараның сценарийі;
- соңғы турды өткізу кезінде ақпараттық тақтада Конкурс өткізілгені туралы ақпаратты қамтамасыз етеді;
- Конкурстың соңғы кезеңін өткізу тәртібін, нысанын, орны мен күнін анықтайды;
- қазылар алқасының құрамын және есеп комиссиясының құрамын бекітеді, олардың жұмыс регламентін бекітеді;
- Конкурс финалын қаржыландыру тәртібін анықтайды;
- үздік сабақтар мен авторлық бағдарламалар жинағын шығаруға жауап береді.

**«Үздік дене шынықтыру педагогі – 2025» атағын беру  
конкурсына қатысуға өтінім**

Менің Конкурсқа қатысуыма рұқсат етуіңізді сұраймын.

Өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын:

|     |                                                                                    |
|-----|------------------------------------------------------------------------------------|
| 1.  | Жұмыс орны                                                                         |
| 2.  | Аты-жөні                                                                           |
| 3.  | Туылған күні (күні, айы, жылы)                                                     |
| 4.  | Лауазымы                                                                           |
| 5.  | Педагогикалық өтілі                                                                |
| 6.  | Лауазымдағы жұмыс өтілі                                                            |
| 7.  | Білімі (қай оқу орнын, факультетті, қай жылы бітірді)                              |
| 8.  | Біліктілік санаты                                                                  |
| 9.  | Индексі бар үй мекенжайы                                                           |
| 10. | Жеке куәліктің деректері (нөмірі, қашан және кім берді, жеке сәйкестендіру номері) |
| 11. | Байланыс телефоны (үй, ұялы), электрондық пошта                                    |
| 12. | Наградалар, көтермелеулер (награданың, көтермелеудің атауы)                        |

Өтінімді толтыру күні \_\_\_\_\_

Конкурсқа қатысушының жеке қолы \_\_\_\_\_

Білім беру ұйымы басшысының қолы \_\_\_\_\_

Мөр орны



**«Үздік дене шынықтыру педагогі – 2025»  
республикалық конкурсының Ұйымдастыру комитетіне  
өтініш берушінің ұсынымы**

---

(өтініш берушінің білім беру мекемесінің толық атауы)  
ұсынады

---

(Конкурсқа қатысушының аты-жөні)

---

(Конкурсқа қатысушының атқаратын лауазымы және жұмыс орны)

Конкурсқа қатысушының мінездемесі (туған күнін; білімін; соңғы 3 жылдағы қызметінің негізгі нәтижелерін көрсете отырып).

Білім басқармасының басшысы \_\_\_\_\_  
(облыстар, қалалар)

---

(Аты-жөні) (қолы)

E-mail  
М. О.

**«Үздік дене шынықтыру педагогі – 2025»  
республикалық конкурсына қатысушының  
ақпараттық картасы**

| №   | Қатысушы туралы ақпарат                                                                                        |  |
|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| 1.  | Аты-жөні (толық)                                                                                               |  |
| 2.  | Туған күні (күні, айы, жылы)                                                                                   |  |
| 3.  | Тұрғылықты мекенжайы                                                                                           |  |
| 4.  | Жұмыс орны (оқу орнының толық атауы)                                                                           |  |
| 5.  | Лауазымы                                                                                                       |  |
| 6.  | Білімі (оқу орнының атауы, факультеті, бітірген жылы)                                                          |  |
| 7.  | Педагогикалық жұмыс өтілі                                                                                      |  |
| 8.  | «Дене шынықтыру мұғалімі» лауазымындағы жұмыс өтілі                                                            |  |
| 9.  | Біліктілік санаты                                                                                              |  |
| 10. | Ең жоғары жеке спорттық жетістігі<br>(атауы және алынған күні)                                                 |  |
| 11. | Марапаттары, құрметті атақтары                                                                                 |  |
| 12. | Басылымдар, соның ішінде кітаптар, брошюралар,<br>мақалалар және т.б.                                          |  |
| 13. | Бағдарламаның бөлімі және конкурстық сабағының<br>тақырыбы                                                     |  |
| 14. | Конкурстық сабақ өткізу үшін материалдық-техникалық<br>және жеке ресурстарға қажеттілік (жабдықтарды түгендеу) |  |
| 15. | Сыныбы                                                                                                         |  |
| 16. | Оқыту тілі                                                                                                     |  |
| 17. | Спорттық іс-шараның атауы және қатысушылардың жас<br>санаты                                                    |  |
| 18. | Байланыс ақпараты (МІНДЕТТІ):<br>1) ұялы телефон,<br>2) электрондық пошта                                      |  |

Конкурсқа қатысуға келісімімді растаймын. Өтініште көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын растаймын. Дерекқорға ақпаратты енгізуге және өтінімді коммерциялық емес мақсатта интернетте, редакциялық өңдеу мүмкіндігімен Конкурс қорытындысы бойынша жинақта орналастыру үшін пайдалануға рұқсат беремін.

Күні \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_ (Аты - жөні)

**«Креативті педагог» - I турына қойылатын талаптар  
«Визит карточкасы» конкурстық кезеңін бағалау критерийлері**

Педагогтің кәсіби тәжірибесінің презентациясы (визит карточкасы) еркін нысанда жүзеге асырылады. Регламент **8 минут**. «Қатысушы портфолиосы» электронды форматта және қағаз форматта 3 данада болуы **МІНДЕТТІ**.

Папканың мазмұны:

- қатысушының фотосуреті;
- педагогикалық кредо;
- Конкурстың финалына қатысуға үміткерлерді ұсыну туралы Конкурстың облыстық кезеңінің Ұйымдастыру комитеті отырысының хаттамасынан үзінді көшірме;
- үлгі бойынша Конкурстың финалдық кезеңіне қатысушының өтінімі (2-қосымша);
- Конкурсқа қатысушы туралы өтініш берушінің ұсынымы (3-қосымша);
- Конкурсқа қатысушының ақпараттық картасы (4-қосымша);
- ашық сабақтың қысқа мерзімді жоспары;
- спорттық - бұқаралық іс-шараның әзірлемесі.

Шығармашылықпен безендіру, мазмұнды жүйелі түрде баяндау, анықтық пен нақтылық құпталады.

**ПЕДАГОГТІҢ МАТЕРИАЛДАРЫН (ПОРТФОЛИОНЫ) БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ**

| №    | Критерий                                                                                | Дәлелдемелердің болуы:                                                                                                                                                   | Біліктілік санаты   |                 |                                                   |                             |
|------|-----------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------|-----------------|---------------------------------------------------|-----------------------------|
|      |                                                                                         |                                                                                                                                                                          | Педагог - модератор | Педагог-сарапшы | Педагог-зерттеу-ші                                | Педагог-шебер               |
| 1    | Жетістіктер                                                                             |                                                                                                                                                                          |                     |                 |                                                   |                             |
| 1.1. | Білім алушылардың конкурстарға, олимпиадаларға немесе жарыстарға тізбеге сәйкес қатысуы | <i>Сертификаттың, мақтау қағазының, алғыс хаттың көшірмелері.<br/>Ескерту: Жеңімпаз немесе жүлдегер бар болған жағдайда, олардың санына қарамастан, 1 балл қосылады.</i> | білім беру ұйымы    | аудан-қала      | облыс (республикалық маңызы бар қала және астана) | республикалық (халықаралық) |
|      |                                                                                         |                                                                                                                                                                          | 1                   | 2               | 3                                                 | 4(5)                        |

|      |                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                |                                |             |                                                   |                             |
|------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------|-------------|---------------------------------------------------|-----------------------------|
| 1.2. | Тізбеге сәйкес кәсіби конкурстарға немесе олимпиадаларға немесе жарыстарға қатысу                                                       | Сертификаттың, мақтау қағазының, алғыс хаттың көшірмелері. Ескерту: Жеңімпаз немесе жүлдегер бар болған жағдайда, олардың санына қарамастан, 1 балл қосылады.                  | білім беру ұйымы               | аудан-қала  | облыс (республикалық маңызы бар қала және астана) | республикалық (халықаралық) |
|      |                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                | 1                              | 2           | 3                                                 | 4(5)                        |
| 2    | Тәжірибені жалпылау және тарату                                                                                                         |                                                                                                                                                                                |                                |             |                                                   |                             |
| 2.1. | ОӘК ұсынған авторлық материалдар негізінде тәжірибені тарату                                                                            | бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі) (білім беруді басқару органының мөрімен және басшының қолымен куәландырылады) іс-шара материалдарына сілтеме                            | білім беру ұйымы               | аудан/қала  | облыс (Республикалық маңызы бар қала және астана) | республикалық (халықаралық) |
|      |                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                | 1                              | 2           | 3                                                 | 4 (5)                       |
| 2.2. | Семинарларда, конференцияларда, форумдарда, тренингтерде, шеберлік сыныптарында, біліктілікті арттыру курстарында және т. б. сөз сөйлеу | бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі), бағдарлама (бағдарламаның көшірмесі) (білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен куәландырылады) іс-шара материалдарына сілтеме | білім беру ұйымы               | аудан/ қала | облыс (Республикалық маңызы бар қала және астана) | республикалық (халықаралық) |
|      |                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                | 1                              | 2           | 3                                                 | 4 (5)                       |
| 2.3. | Зерттеу қызметі негізіндегі жарияланым (тәжірибені зерттеу)                                                                             | басылымның көшірмесі (басылымға сілтеме) Ескертпе: бірлескен авторлық жағдайда көрсеткіш бойынша 2 балл қойылады                                                               | мектеп сайты, әлеуметтік медиа | аудан/ қала | облыс (Республикалық маңызы бар қала және астана) | республикалық (халықаралық) |
|      |                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                | 1                              | 2           | 3                                                 | 4(5)                        |
| 2.4. | Шығармашылық (сараптамалық, жұмыс) топтарға,                                                                                            | бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі) (білім беру ұйымының, білім беруді                                                                                                      | білім беру ұйымы               | аудан/ қала | облыс (Республикалық маңызы бар қала және астана) | республикалық (халықаралық) |

|      |                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                         |                                                                     |                                                          |                                                                                                                                                       |                                                                                      |
|------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------|
|      | жобаларға қатысу                                                                                                     | басқару органының, білім беру саласындағы уәкілетті органның мөрімен және басшының қолымен куәландырылады)                                                                              | 1                                                                   | 2                                                        | 3                                                                                                                                                     | 4 (5)                                                                                |
| 2.5. | ОӘК ұсынған оқу-әдістемелік материалдар                                                                              | оқу-әдістемелік кеңес хаттамасынан үзінді (білім беру ұйымының, білім беруді басқару органының, білім беру саласындағы уәкілетті органның мөрімен және басшының қолымен куәландырылады) | білім беру ұйымының әдістемелік кеңесі                              | аудан/қала білім бөлімінің оқу-әдістемелік кеңесі        | білім басқармасы жанындағы оқу-әдістемелік кеңес, тиісті саладағы уәкілетті органның білім беру ұйымдары үшін республикалық оқу-әдістемелік бірлестік | білім беру саласындағы уәкілетті орган жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес |
|      |                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                         | 1                                                                   | 2                                                        | 3                                                                                                                                                     | 4 (5)                                                                                |
| 3    | Біліктілікті арттыру                                                                                                 |                                                                                                                                                                                         |                                                                     |                                                          |                                                                                                                                                       |                                                                                      |
| 4.1  | Білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беру бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру курстары | сертификаттың көшірмелері (білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен куәландырылады) (Жалпы сағат саны)                                                                         | 72 сағ.                                                             | 72 сағ                                                   | 80 сағ.                                                                                                                                               | 108 және одан көп                                                                    |
|      |                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                         | 1                                                                   | 2                                                        | 3                                                                                                                                                     | 4                                                                                    |
| 4    | Қосымша компоненттер                                                                                                 |                                                                                                                                                                                         |                                                                     |                                                          |                                                                                                                                                       |                                                                                      |
| 4.1. | Визит карточкасын ұсыну формасының бірегейлігі мен өзіндік ерекшелігі                                                | Өзіндік ерекшелігі жоқ, креатив жоқ                                                                                                                                                     | Стандартты, шығармашылық көріністері                                | Қызықты, ішінара шығармашылық                            | Бірегей пішін, жарқын шығармашылық                                                                                                                    |                                                                                      |
| 4.2. | Қоғам алдында сөйлеу мәдениеті, шешендік шеберлік, сөйлеудің эмоционалдығы мен бейнелілігі                           | Монотонды, эмоционалды емес                                                                                                                                                             | Сөйлеген сөзі жүйесіз, тыңдаушы мен қарым-қатынасы шектеулі, тілдік | Сирек қателіктер, байланыс сақталады, эмоционалдылық бар | Анық, сенімді, эмоционалды және мәнерлі                                                                                                               |                                                                                      |

|      |                                                                                                                    |                               |                                           |                                                      |                                                 |
|------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------|-------------------------------------------|------------------------------------------------------|-------------------------------------------------|
|      |                                                                                                                    |                               | бейнелілігі<br>мен<br>әсерлілігі<br>төмен |                                                      |                                                 |
| 4.3. | Кәсіби тәжірибені таныстыра білуі, жетекші педагогикалық идеяны іске асыру технологиясын ашып көрсете алу қабілеті | Жалпылама, толық ашылмаған    | Жартылай, жалпы сипаттағы сөйлемдер       | Ашылған, бірақ нақты сандар көрсетілмеген            | Анық, нәтижелері мен дәлелдері көрсетілген      |
